

"KASE КЛИРИНГ ОРТАЛЫҒЫ" АҚ

"KASE клиринг орталығы" АҚ
Жалғыз акционерінің шешімімен
(2024 жылдың 20 желтоқсанындағы № 39)
б е к і т і л д і

2024 жылдың 20 желтоқсанынан бастап
қолданысқа енгізілді

"KASE клиринг орталығы" АҚ корпоративтік басқару КОДЕКСІ

Осы Кодекс ең үздік халықаралық практиканы, оның ішінде Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының (ЭЫДҰ) ұсынымдарын ескере отырып әзірленді, "KASE клиринг орталығы" АҚ (бұдан әрі – Клиринг орталығы) органдары мен мүдделі тұлғалардың өзге де топтары (бұдан әрі бірлесіп – корпоративтік қатынастарға қатысушылар) арасындағы Клиринг орталығын корпоративтік басқаруға қатысты қызметті жүзеге асыру кезінде басқару қатынастарының жүйесін анықтайды.

1 тарау. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ҚАҒИДАТТАРЫ

1-бап.

Жалпы қағидалар

1. Клиринг орталығының корпоративтік қатынастарының әрбір қатысушысы корпоративтік басқарудың жалпыға бірдей қабылданған мынадай қағидастарын ұстануға міндетті:
 - 1) әділдік;
 - 2) ашықтық;
 - 3) жауапкершілік;
 - 4) этика және корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік.
2. Клиринг орталығының корпоративтік қатынастарына әрбір қатысушы мынадай міндеттерді негізге ала отырып, осы қатынастарда өзінің мінез-құлқын құруы тиіс:
 - 1) Клиринг орталығының табысты қызметін және нарықтық құнының өсуін қамтамасыз ету, оның қаржылық тұрақтылығы мен пайдалылығын қолдау;
 - 2) Клиринг орталығының жұмыс істеп тұрған және әлеуетті акционерлері үшін Клиринг орталығы акцияларының инвестициялық тартымдылығын қамтамасыз ету;
 - 3) Клиринг орталығы инфрақұрылымның негізгі элементтерінің бірі бола отырып, клирингтік қатысушыларға, оның ішінде корпоративтік басқару бойынша белгілі бір талаптар қоятынын ескере отырып, акционерлік қоғам ретінде және орталық контрагент ретінде Клиринг орталығының үлгілі жағдайын қамтамасыз ету;
 - 4) Клиринг орталығының Қазақстан Республикасының экономикасындағы бірегейлігі мен маңыздылығын ескере отырып, Клиринг орталығының қоғамдағы жоғары беделін қамтамасыз ету.
3. Осы Кодекстің нормаларын сақтау өзіндік мақсат болып табылмауға және Клиринг орталығының операциялық қызметіне кедергі келтірмеуге не оның қаржылық жай-күйіне теріс әсер етпеуге тиіс.
4. Тиімді және ашық басқаруды қамтамасыз ету мақсатында жоғарыда аталған жалпыға бірдей қабылданған қағидастардан басқа, корпоративтік басқару мынадай қағидастарды ұстануға тиіс:
 - 1) акционерлердің құқықтары мен мүдделерін қорғау қағидаты;
 - 2) Клиринг орталығын оның акционерлерінің жалпы жиналысының, Директорлар кеңесінің және Клиринг орталығы Басқармасының тиімді басқару қағидаты;
 - 3) корпоративтік басқарудағы ашықтық және ақпаратты объективті ашу қағидаты;
 - 4) корпоративтік басқарудағы жауапкершілік қағидаты;
 - 5) заңдылықты және корпоративтік этиканы сақтау қағидаты;

- 6) тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және аудит қағидаты;
- 7) дивидендік саясат тиімділігінің қағидаты;
- 8) орнықты даму қағидаты.

2-бап.

Клиринг орталығы акционерлерінің құқықтары мен мүдделерін қорғау қағидаты

1. Клиринг орталығы акционерлерінің құқықтары мен мүдделерін қорғау қағидаты мынада:
 - 1) Егер тек қолданылатын заңнамаға, шарттық қатынастарға немесе Клиринг орталығы акционерлерінің біржақты міндеттемелеріне сәйкес бұл құқықтар шектелмесе, Клиринг орталығы өз акционерлерінің Клиринг орталығының акцияларына қатысты меншік құқықтарын жүзеге асыруына кедергі жасамайды;
 - 2) Клиринг орталығы Қазақстан Республикасының заңнамасына және Клиринг орталығының Жарғысына сәйкес өз акционерлерінің:
 - Клиринг орталығына оның қызметі туралы жазбаша сұрау салумен жүгіну және осындай сұрау салуларға мазмұнды жауаптар алу құқығы;
 - Клиринг орталығы акционерлерінің жалпы жиналыстарына қатысу және оларда дауыс беру құқығы;
 - Клиринг орталығы органдарын қалыптастыруға қатысу құқығы;
 - Клиринг орталығының акциялары бойынша дивидендтер алу құқығы секілді құқықтарын іске асыруын қамтамасыз етеді;
 - 3) Клиринг орталығы Қазақстан Республикасының заңнамасына, Клиринг орталығының Жарғысына, Кодекске, Клиринг орталығы акционерлерінің жалпы жиналысының және Директорлар кеңесінің шешімдеріне сәйкес өз акционерлерінің Клиринг орталығының тиісті органдарының құзыретіне жататын мәселелер бойынша шешімдер қабылдауға толыққанды қатысуын қамтамасыз етеді, сондай-ақ олар бойынша шешімдер қабылдағанға дейін өз акционерлеріне осы мәселелер бойынша өз пікірлерін білдіруге мүмкіндік береді;
 - 4) Қазақстан Республикасының заңнамасында және Клиринг орталығы Жарғысында белгіленген тәртіппен Клиринг орталығы акционерлерінің мүдделерін қозғайтын өз қызметі туралы ақпаратты өз акционерлерінің назарына жеткізеді;
 - 5) Клиринг орталығы өзінің барлық акционеріне әділ қарым-қатынасты қамтамасыз етеді.
2. Клиринг орталығы акционерлерінің Клиринг орталығы акционерлерінің негізгі құқықтарын сақтау мәселелері бойынша бір-біріне кеңес беруге құқығы бар.
3. Клиринг орталығы акционерлерінің құқықтары мен мүдделерін қорғау қағидатын қамтамасыз етудің тәртібі мен тетіктері Қазақстан Республикасының заңнамасында және Клиринг орталығының Жарғысында белгіленген.

3-бап.

Клиринг орталығын оның акционерлерінің жалпы жиналысының, Директорлар кеңесінің және Клиринг орталығы Басқармасының тиімді басқару қағидаты

1. Клиринг орталығын акционерлердің жалпы жиналысының, Директорлар кеңесінің және Басқармасының тиімді басқару қағидаты бірнеше түйінді аспектілерді қамтиды:
 - 1) әрбір органның рөлдері мен міндеттерін анықтау;
 - 2) акционерлердің жалпы жиналысы, Директорлар кеңесі мен Басқарма арасындағы өзара іс-қимылды қамтамасыз ету;
 - 3) Клиринг орталығының маңызды шешімдері мен стратегиялары туралы акционерлерді ұдайы хабардар ету;
 - 4) шешім қабылдау процестерінде ашықтықты қамтамасыз ету;
 - 5) Директорлар кеңесі өз әрекеттері мен нәтижелері үшін Клиринг орталығы акционерлерінің жалпы жиналысына есеп береді;
 - 6) қызметтің түйінді көрсеткіштері бойынша есептілікті жүргізу;
 - 7) акционерлердің жалпы жиналыстарында талқылаулар мен дауыс беруге акционерлердің белсенді қатысуы үшін жағдайлар жасау;
 - 8) дауыс беру процесін оңайлату және Клиринг орталығы органдарының ақпаратқа рұқсаттама алуы;
 - 9) басқару практикасын ұдайы талдау және қайта қарау;
 - 10) Директорлар кеңесі мен Басқарма жұмысының тиімділігін бағалау;
 - 11) алынған нәтижелер негізінде басқару процестерін бейімдеу және жақсарту;
 - 12) шешім қабылдау кезінде заңнаманы сақтау.
2. Клиринг орталығын акционерлердің жалпы жиналысының тиімді басқару қағидаты бойынша Клиринг орталығы:
 - 1) жыл сайын Клиринг орталығының аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды анықтау, оның жылдық аудиттелген қаржылық есептілігін және есепті қаржы жылындағы оның таза кірісін бөлу тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау және Клиринг орталығының бір жай акциясына есептелген дивиденд мөлшерін бекіту мақсатында Клиринг орталығы акционерлерінің жылдық жиналыстарын шақырады және өткізеді;
 - 2) қажеттілігіне қарай Клиринг орталығы Директорлар кеңесінің сандық құрамы мен өкілеттік мерзімін анықтау, оның мүшелерін сайлау мақсатында Клиринг орталығы акционерлерінің жалпы жиналысын шақырады және өткізеді;
 - 3) қажеттілігіне қарай, ұтымдылық, жеделділік және тиімділік пайымдауларын негізге ала отырып, Клиринг орталығы акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналыстарын шақырады және өткізеді.
3. Директорлар кеңесінің Клиринг орталығын тиімді басқару қағидаты мынада:
 - 1) Клиринг орталығының Директорлар кеңесінің қызметі Клиринг орталығы акционерлерінің мүдделерін барынша сақтау негізінде құрылады және Клиринг орталығы қызметінің тиімділігін және оның нарықтық құнын арттыруға бағытталған;
 - 2) Клиринг орталығының Директорлар кеңесі Клиринг орталығы қол жеткізген нәтижелерді және Клиринг орталығының ағымдағы қызметіне объективті мониторинг жүргізу арқылы оның перспективаларын сараланған және нақты бағалауды жүзеге асырады және Клиринг

орталығының акцияларына оның акционерлерінің инвестицияларын және Клиринг орталығының активтерін сақтау мақсатында Клиринг орталығының қызметін бақылаудың сенімді жүйесін қолдауды және оның жұмыс істеуін қамтамасыз етеді;

- 3) Клиринг орталығының Директорлар кеңесі Клиринг орталығының әртүрлі тәуекелдерге ұшырағыштығын тиімді бағалауды қамтамасыз етеді, корпоративтік қатынастардағы жанжалдарды реттеуге қатысады;
- 4) Клиринг орталығының Директорлар кеңесі өз қызметінің Клиринг орталығы акционерлерінің алдында ашықтығын қамтамасыз етеді.
4. Клиринг орталығының Директорлар кеңесінің құрамында Қазақстан Республикасының акционерлік қоғамдар туралы заңнамасының талаптарын ескере отырып, тәуелсіз директорлар болуға тиіс.
5. Клиринг орталығы "Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының базалық нормаларына негізделген директорлар тәуелсіздігінің өзіндік өлшемдерін Клиринг орталығының тәуелсіз директорының негізгі сипаты оның ірі акционерлерден, оның Басқармасынан және мемлекеттен тәуелсіздігі болып табылатындығын негізге ала отырып анықтайды.
6. Клиринг орталығының Директорлар кеңесінің және оның жекелеген мүшелерінің қызметін бағалау және Клиринг орталығының Директорлар кеңесі мүшелерін сыйақы беру жүйесі Клиринг орталығының және оның барлық акционерінің мүдделері үшін олардың жұмысын ынталандыруға тиіс.
7. Клиринг орталығының Директорлар кеңесі Клиринг орталығы Басқармасының қызметін бағалаудың әдістері мен өлшемдерін әзірлейді және үнемі жетілдіреді, сондай-ақ Клиринг орталығы Басқармасының және Директорлар кеңесіне есеп беретін қызметтердің қызметін бақылауды жүзеге асырады.
8. Клиринг орталығының жарғысында не Клиринг орталығы акционерлерінің жалпы жиналысының немесе Клиринг орталығының Директорлар кеңесінің шешімімен Клиринг орталығының Директорлар кеңесінің мүшесі қызметіне кіріскен кезде Клиринг орталығының алдында өзіне міндеттемелер қабылдауға тиіс екендігі белгіленуі мүмкін.
9. Клиринг орталығының Директорлар кеңесінің Клиринг орталығын басқаруы және оның Клиринг орталығының қызметін бақылау туралы кейбір мәліметтер осы Кодекстің 3 тарауында және 18-бабында келтірілген.
10. Клиринг орталығын оның Басқармасы тиімді басқару қағидаты мынада:
 - 1) Клиринг орталығының Басқармасы Клиринг орталығын ағымдағы басқаруды және Клиринг орталығының күнделікті қызметін бақылауды жүзеге асырады;
 - 2) Клиринг орталығы Басқармасының қызметі Клиринг орталығы акционерлерінің мүдделерін барынша сақтау негізінде құрылады;
 - 3) Клиринг орталығының Басқармасы Клиринг орталығы акционерлерінің жалпы жиналысының және Директорлар кеңесінің шешімдерін орындауға міндетті.

4-бап.

Корпоративтік басқарудағы ашықтық және ақпаратты объективті ашу қағидаты

1. Корпоративтік басқарудағы ашықтық қағидаты Клиринг орталығының қызметі туралы ақпараттың ашықтығы мен қолжетімділігін қамтамасыз ету болып табылады.

Бұл қағидаттың негізгі аспектілері:

- 1) қоғамның Клиринг орталығының жылдық қаржылық есептілігін қоса алғанда, қаржылық және қаржылық емес ақпаратты уақытылы ашуды;
 - 2) акционерлер мен басқа да мүдделі тараптар оны оңай түсінуі үшін ақпаратты ұсыну үшін түсінікті тіл мен форматтарды пайдалануды;
 - 3) шешім қабылдау процесіндегі ашықтық. Басқарудағы өзгерістер, стратегиялар және дивидендтік саясат сияқты негізгі шешімдер туралы акционерлерді хабардар етуді;
 - 4) акционерлер үшін ақпаратқа қол жеткізуді қамтамасыз етуді қамтиды.
2. Клиринг орталығы және оның қызметі туралы ақпараттың ашықтығы, ашудың уақытылығы және объективтілігі қағидаты Клиринг орталығының Қазақстан Республикасының заңнамасына, Клиринг орталығының Жарғысына және ішкі құжаттарына сәйкес өзі және өз қызметі туралы ақпаратты:
- 1) Клиринг орталығына оның акционерлері мен қаржы нарығының басқа да субъектілері тарапынан сенімді нығайту;
 - 2) Клиринг орталығының акцияларын сатып алу және ұстап қалу туралы инвестициялық шешімдер қабылдауға жәрдемдесу;
 - 3) Клиринг орталығы акционерлерінің жалпы жиналысының және Клиринг орталығы Директорлар кеңесінің шешімдерін қабылдау кезінде барынша негізділікті қамтамасыз ету;
 - 4) Клиринг орталығын басқарудың ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында ашуымен түсіндіріледі.
3. Клиринг орталығы өз қызметінің негізгі нәтижелері, жоспарлары мен перспективалары туралы ақпаратты ашады, сондай-ақ Клиринг орталығының Жарғысында белгіленген тәртіппен оның акционерлерінің сұрау салуларына уақытылы және толық көлемде жауап береді.
4. Клиринг орталығы өз қызметінде елеулі корпоративтік оқиғалар туралы ақпаратты ашады және сонымен бірге коммерциялық, банктік немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпараттың құпиялылығын қамтамасыз етудің қатаң және сенімді тетіктерін пайдаланады.
5. Клиринг орталығының қаржылық есептілігін жүргізу және оның аудиті Клиринг орталығына оның акционерлері тарапынан сенімді қамтамасыз етуге бағытталған және мынадай қағидаттарға құрылады:
- 1) толықтығы мен дұрыстығы;
 - 2) бейтараптық және тәуелсіздік;
 - 3) кәсібилігі мен құзыреттілігі;
 - 4) тұрақтылық пен тиімділік.
6. Клиринг орталығының Басқармасы Клиринг орталығы беретін қаржылық ақпараттың толықтығы мен дұрыстығы үшін жауапты болады.
7. Клиринг орталығы және оның қызметі туралы ақпаратты ашу туралы кейбір мәліметтер осы Кодекстің 17-бабында келтірілген.

5-бап.

Корпоративтік басқарудағы жауапкершілік қағидаты

1. Корпоративтік басқарудағы жауапкершілік қағидатының негізгі аспектілері мыналарды қамтиды:
 - 1) Басқарма мен Директорлар кеңесін қоса алғанда, басқару процесіне әрбір қатысушының міндеттері мен өкілеттіктерін анықтау;
 - 2) Директорлар кеңесі өз әрекеттері мен шешімдері үшін акционерлердің жалпы жиналысына есеп беруге тиіс;

- 3) Клиринг орталығының органдары Клиринг орталығының қызметіне әсер етуі мүмкін ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару жүйесінің болуын қамтамасыз етуге тиіс;
 - 4) Клиринг орталығының іс-әрекеті заңнамаға, Клиринг орталығының ішкі құжаттарына, сондай-ақ этикалық нормалар мен корпоративтік құндылықтарға сәйкес келуге тиіс;
 - 5) Клиринг орталығының Директорлар кеңесі жүйелі түрде және қажеттілігіне қарай Клиринг орталығының Басқармасынан Клиринг орталығының қаржылық жай-күйі туралы есептерді сұратуға және ұсынылған мәліметтер шеңберінде шешімдер қабылдауға тиіс;
 - 6) Клиринг орталығы органдарының өз құзыреті шегінде акционерлер үшін ұзақ мерзімді құн жасауға және басқару процесінде олардың мүдделерін ескеруге бағытталған шешімдер қабылдауы.
2. Жоғарыда көрсетілген жауапкершілік аспектілері корпоративтік басқарудың сенімін, ашықтығын және тиімділігін арттыруға ықпал етеді.

6-бап. Заңдылықты және корпоративтік этиканы сақтау қағидаты

1. Заңдылық пен корпоративтік этика қағидаты Клиринг орталығының сенім мен беделін қалыптастыруға ықпал етеді, сондай-ақ оның ұзақ мерзімді табысы мен орнықтылығын қолдайды.
2. Клиринг орталығы заңнамаға, Клиринг орталығы Жарғысына және өзінің ішкі құжаттарына, іскерлік айналым дағдылары мен іскерлік этикаға қатаң сәйкес әрекет етеді.
3. Ішкі құжаттарды әзірлеу ең үздік халықаралық тәжірибені ескере отырып, қолданылатын заңнама негізінде жүзеге асырылады.
4. Корпоративтік қатынастарға қатысушылар арасында қарым-қатынастар құру өзара сенім мен құрметке негізделеді.
5. Заңнаманы және этикалық нормаларды сақтау үшін бақылау тетіктерін жетілдіру.

7-бап. Тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және аудит қағидаты

1. Клиринг орталығының өзінің стратегиялық және операциялық мақсаттарына қол жеткізуін қамтамасыз етуге бағытталған тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін құру.
2. Мыналарды қамтамасыз ету үшін Директорлар кеңесі мен Клиринг орталығының басқармасы бекітетін саясаттарды, процедураларды, мінез-құлық нормалары мен іс-қимылдарды, басқару әдістері мен тетіктерін құру:
 - 1) Клиринг орталығы құнының өсуі, пайдалылық және олардың тәуекелдері арасындағы оңтайлы теңгерім;
 - 2) Клиринг орталығының қаржы-шаруашылық қызметінің тиімділігі және қаржылық тұрақтылығына қол жеткізу;
 - 3) активтердің сақталуы және Клиринг орталығының ресурстарын тиімді пайдалану;
 - 4) қаржылық және басқарушылық есептіліктердің толықтығы, сенімділігі және дұрыстығы;
 - 5) Қазақстан Республикасы заңнамасының және Клиринг орталығының ішкі құжаттарының талаптарын сақтау;

- 6) алаяқтықты болдырмау және негізгі және қосалқы бизнес-процестердің жұмыс істеуін тиімді қолдауды қамтамасыз ету және қызмет нәтижелерін талдау үшін тиісті ішкі бақылау.
3. Директорлар кеңесі осы жүйенің міндеттерін негізге ала отырып, тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін ұйымдастырудың қағидаттары мен тәсілдерін анықтайтын Клиринг орталығының ішкі құжаттарын бекітеді.
4. Директорлар кеңесі тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесінің тиімділігін бағалауды оған ішкі аудит қызметі, Директорлар кеңесінің комитеттері және Клиринг орталығының Басқармасы жеткізген ақпарат пен кепілдіктерді тиісінше және мұқият талдағаннан кейін жүзеге асырады.
5. Директорлар кеңесі тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін ұйымдастыру, оның жұмыс істеуі және тиімділігі мәселелерін тұрақты негізде қарайды және оны жақсарту жөнінде ұсынымдар береді.
6. Ішкі аудит қызметі өз қызметін Клиринг орталығының Директорлар кеңесі бекітетін тәуекелге бағдарланған жылдық аудиторлық жоспардың негізінде жүзеге асырады.
7. Ішкі аудит қызметі өз қызметін жүзеге асыру кезінде ішкі бақылау жүйесінің және тәуекелдерді басқару жүйесінің тиімділігін бағалауды, ішкі аудит саласындағы қызметтің жалпыға бірдей қабылданған стандарттарын және корпоративтік стандарттарды қолдана отырып, корпоративтік басқаруды бағалауды жүргізеді.
8. Клиринг орталығында үш негізгі сала: операциялық қызмет, қаржылық есептілікті дайындау және Қазақстан Республикасы заңнамасының және ішкі құжаттардың талаптарын сақтау бойынша бақылау процедураларын әзірлеу, бекіту және құжаттау жүзеге асырылады.
9. Бақылау процедуралары басқарудың барлық деңгейінде жүзеге асырылуға міндетті, Клиринг орталығының барлық жұмыскері сақтауға тиіс және:
 - 1) ықтимал тәуекелдердің туындау ықтималдығын төмендетуге;
 - 2) қателердің туындауын болдырмауға және/немесе оларды жасағаннан кейін қателерді анықтауға;
 - 3) қайталанатын және артық операцияларды анықтауға және жоюға;
 - 4) жақсарту үшін кемшіліктер мен салаларды анықтауға;
 - 5) ішкі бақылау жүйесін одан әрі жетілдіруге бағытталған.

8-бап.

Тиімді дивидендтік саясат қағидаты

1. Тиімді дивидендтік саясат қағидаты бойынша Клиринг орталығы:
 - 1) өзінің операциялық қызметінің нақты және перспективалық жай-күйі және Клиринг орталығының акциялары бойынша дивидендтерді есептеу мен төлеу үшін шарттардың болуын немесе болмауын анықтау мақсатында оның нақты және перспективалық қаржылық жай-күйі туралы шынайы және дәлелденетін ақпаратты ғана пайдаланады;
 - 2) оның акциялары бойынша дивидендтердің мөлшерін және оларды төлеу тәртібін анықтау тетігінің ашықтығын қамтамасыз етеді;
 - 3) дивидендтер төлеуді жүзеге асыру кезінде салық заңнамасының сақталуын қамтамасыз етеді.
2. Клиринг орталығының акциялары бойынша дивидендтер төлеу мәселелеріне негізгі тәсілдері, сондай-ақ Клиринг орталығының дивидендтерін төлеудің шарттары мен тәртібі Дивидендтік саясатпен анықталады.

9-бап. Орнықты даму қағидаты

1. Клиринг орталығының органдары өз қызметін жүзеге асыру барысында Клиринг орталығының экономикалық, әлеуметтік және экологиялық мүдделері арасындағы теңгерімді қамтамасыз етуге міндетті.
2. Тұрақты даму Клиринг орталығы стратегиясының ажырамас бөлігі ретінде мыналарды қамтуы тиіс:
 - 1) Клиринг орталығының ұзақ мерзімді стратегиялық мақсаттарына экологиялық, әлеуметтік және басқару (ESG) факторларын енгізу;
 - 2) климаттық тәуекелдерді, әлеуметтік әсерлерді және стратегиялық шешімдер қабылдау үшін негізгі элементтер ретінде басқаруды бағалау;
 - 3) акционерлердің ғана емес, сондай-ақ жұмыскерлерді, тұтынушылар мен жергілікті қоғамдастықтарды қоса алғанда, барлық мүдделі тараптың ұзақмерзімді мүдделеріне сәйкес келетін шешімдер қабылдау.
3. Клиринг орталығының орнықты дамуына қол жеткізу үшін корпоративтік басқару мыналарға бағдарлануға тиіс:
 - 1) жауапкершілік қағидаттарын сақтаған кезде пайда алудан көрінетін ұзақ мерзімді қаржылық тұрақтылық;
 - 2) айналасындағылардың мүдделерін назарға алуға бағытталған әлеуметтік жауапкершілік;
 - 3) ресурстарды ұтымды пайдалануға байланысты экологиялық орнықтылық және қоршаған ортаға әсерді барынша азайту жөнінде шаралар қабылдау;
 - 4) орнықты даму қағидаттарын бизнес-стратегияға және операциялық процестерге енгізу.

2 тарау. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ҚҰРЫЛЫМЫ

10-бап. Акционерлердің жалпы жиналысы

1. Акционерлердің жалпы жиналысы Клиринг орталығының жоғары органы болып табылады.
2. Клиринг орталығы акционерлерінің жалпы жиналыстары Клиринг орталығы үшін аса маңызды шешімдер қабылдауға акционерлердің қатысу құқықтарын қамтамасыз ету, ашықтықты, әділдікті және корпоративтік стандарттардың сақталуын қамтамасыз ету мақсатында өткізіледі.
3. Барлық акционердің акционерлердің жалпы жиналыстарына қатысу және күн тәртібіне енгізілген мәселелер бойынша өз пікірін білдіру үшін тең мүмкіндіктері болуға тиіс.
4. Акционерлердің жалпы жиналысының құзыреті Қазақстан Республикасының заңнамасында және Клиринг орталығының Жарғысында анықталған.

11-бап. Клиринг орталығы акционерлерінің жалпы жиналысын дайындауға және өткізуге қойылатын жалпы талаптар

Клиринг орталығы акционерлерінің жалпы жиналысын дайындау және өткізу мынадай талаптарды қанағаттандыруға тиіс:

- 1) Клиринг орталығының барлық акционеріне әділ және тең құқықты көзқарас;

- 2) Клиринг орталығы акционерлерінің жалпы жиналысына оның барлық акционері (Клиринг орталығының барлық акционерінің өкілдері) үшін қатысудың қолжетімділігі;
- 3) Клиринг орталығы акционерлеріне Клиринг орталығы акционерлерінің жалпы жиналысына қатысты барынша толық ұйымдастырушылық және есептік ақпарат беру;
- 4) Клиринг орталығы акционерлерінің жалпы жиналысын өткізудің қарапайымдылығы мен ашықтығы.

12-бап.

Клиринг орталығы акционерлерінің жалпы жиналысын дайындау

1. Клиринг орталығының акционерлері алдағы жалпы жиналыстың өткізілетіні туралы олардың осы жиналысты өткізу тәртібін және оның күн тәртібінің мәселелері бойынша материалдарды зерделеуі, өздерін қызықтыратын мәселелерді дайындауы және осы жиналыстың күн тәртібінің мәселелері бойынша өздерінің ұстанымдарын әзірлеуі үшін жеткілікті мерзімде хабардар етілуге тиіс.
2. Клиринг орталығы өз акционерлерін оның Жарғысына сәйкес Клиринг орталығы акционерлерінің жалпы жиналысын өткізу туралы хабардар етеді; алайда, Клиринг орталығы Клиринг орталығы акционерлерінің жалпы жиналысын өткізу туралы оның барлық акционеріне уақытылы хабарлауға ұмтылатындықтан, Клиринг орталығы:
 - 1) осы хабарламаны қайталауға;
 - 2) осы хабарламаны Клиринг орталығы акционерлерінің назарына жеткізудің қосымша тәсілдерін пайдалануға құқылы.
3. Клиринг орталығы акционерлерінің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер талқылауға шығарылатын нақты тұжырымдалған мәселелердің толық тізбесін қамтуға тиіс.
4. Клиринг орталығы акционерлерінің жалпы жиналысының күн тәртібінің мәселелері жөніндегі материалдар жиналыс өткізілетін күнге дейін он күннен кешіктірілмей акционерлерді таныстыру үшін Клиринг орталығы Басқармасының орналасқан жері бойынша дайын және қолжетімді болуға, ал акционердің сұрау салуы болған кезде оған сұрау салу алынған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде жіберілуге тиіс; егер Жарғыда өзгеше көзделмесе, құжаттардың көшірмелерін дайындау және құжаттарды жеткізу шығыстарын акционер көтереді.
5. Клиринг орталығы акционерлерінің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдар қатарында оның акционерлеріне Клиринг орталығының жоспарлары, жетістіктері және қызметінің проблемалары туралы қосымша мәліметтер, талдамалық зерттеулер берілуі мүмкін.
6. Клиринг орталығы акционерлерінің жалпы жиналысының күн тәртібіне қандай да бір тұлғаларды, мысалы, Клиринг орталығының Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау туралы мәселе енгізілген жағдайда, осы жиналыстың күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдарда осы кандидаттарды объективті бағалау үшін қажетті және жеткілікті құрамда және көлемде осындай сайлауға ұсынылатын кандидаттар туралы ақпарат қамтылуға тиіс.
7. Сонымен қатар, Клиринг орталығы акционерлерінің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдарды қалыптастыру кезінде ол артық уақыт және еңбек шығындарын немесе ақталмаған шығыстарды көтермеуге тиіс.
8. Клиринг орталығы Клиринг орталығы акционерлерінің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдармен Клиринг орталығы

акционерлерін таныстырудың барынша қарапайым және ауыртпалық түсірмейтін тәртібін пайдалануы тиіс.

9-бап.

Клиринг орталығы акционерлерінің жалпы жиналысын өткізу

1. Клиринг орталығы акционерлерінің жалпы жиналысына қатысушыларды тіркеу уақыты осы жиналысқа қатысу үшін келген Клиринг орталығының барлық акционерінің (акционерлер өкілдерінің) тіркелу мүмкіндігі болуы үшін жеткілікті болуға тиіс.
2. Клиринг орталығы акционерлерінің жалпы жиналысына қатысу үшін ол ашылғаннан кейін келген Клиринг орталығы акционерлерінің (акционерлерінің өкілдерінің) осы жиналысқа қатысушыларды тіркеу процедурасынан өткен жағдайда осы жиналысқа қатысуға құқығы бар.
3. Клиринг орталығының барлық акционері Клиринг орталығы акционерлерінің жалпы жиналысына қатысуға тең құқықтарға ие болады.
4. Клиринг орталығының акционері Клиринг орталығы акционерлерінің жалпы жиналысына қатысуға және оның күн тәртібіндегі мәселелер бойынша жеке өзі немесе өзінің жеке қатысуынсыз (кез келген үшінші тұлғаға немесе, мысалы, Клиринг орталығының осы акционеріне қызмет көрсететін номиналды ұстаушының өкіліне берілуі мүмкін сенімхат негізінде әрекет ететін өзінің өкілі арқылы) дауыс беруге құқылы. Клиринг орталығы жұмыскерлерінің, мұндай өкілдік акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі барлық мәселе бойынша дауыс беру туралы нақты нұсқауларды қамтитын сенімхатқа негізделген жағдайларды қоспағанда, акционерлердің жалпы жиналысында акционерлердің өкілдері ретінде әрекет етуге құқығы жоқ.
5. Клиринг орталығы акционерінің Клиринг орталығы акционерлерінің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша дауыс беру кезінде жеке өзі немесе оның жеке қатысуынсыз берген дауыстарының тең күші болады.
6. Клиринг орталығы акционерлерінің жалпы жиналысына осы жиналыстың күн тәртібіндегі мәселелерді қарау кезінде түсініктемелері мен түсіндірмелері талап етілуі мүмкін барлық тұлға, ал олар негізді болмаған жағдайда – осы тұлғалардың орынбасарлары және/немесе осы тұлғаның қарамағындағы (қарамағындағы) мәселелерге құзыретті тұлғалар қатысуы тиіс.
7. Клиринг орталығы акционерлерінің жалпы жиналысы осы жиналыстың күн тәртібіндегі мәселелер бойынша Клиринг орталығының лауазымды тұлғаларының және оның акционерлерінің (акционерлер өкілдерінің) сөз сөйлеу уақытын анықтайтын өзінің регламентін белгілей алады.
8. Клиринг орталығы акционерлерінің жалпы жиналысының регламенті ақылға қонымды жеткіліктілік қағидатына негізделуге және осы жиналыстың күн тәртібіндегі мәселелерді толыққанды талқылауға және олар бойынша негізделген шешімдер қабылдауға мүмкіндік жасауға тиіс.
9. Клиринг орталығы акционерлерінің жалпы жиналысының төрағасы осы жиналысқа қатысушы Клиринг орталығының акционерлерінің (акционерлер өкілдерінің) өздерін қызықтыратын сұрақтарға осы жиналысты өткізу барысында тікелей жауап алуына ұмтылуға тиіс. Егер мұндай сұрақтардың күрделілігі оларға дереу жауап беруге мүмкіндік бермесе, олар қойылған тұлғалар Клиринг орталығы акционерлерінің жалпы жиналысы жабылғаннан кейін қысқа мерзімде оларға жазбаша жауап беруге тиіс.
10. Клиринг орталығы акционерлерінің жалпы жиналысында дауыстарды жинау және санау процедурасы барынша ашық болуға тиіс.
11. Клиринг орталығы акционерлерінің жалпы жиналысында дауыс беру процесі Клиринг орталығының акционерлері үшін қарапайым және ыңғайлы болуға тиіс.

3 тарау. КЛИРИНГ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ

10-бап.

Клиринг орталығының Директорлар кеңесі қызметінің функциялары мен қағидаттары

1. Клиринг орталығының Директорлар кеңесінің негізгі функциялары мен өкілеттіктері "Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының Заңында және Клиринг орталығының Жарғысында анықталған, олардан Клиринг орталығының Директорлар кеңесі мынадай қағидаттарды ұстануға тиіс:
 - 1) Директорлар кеңесінің әрбір мүшесінің бір дауысы болады. Директорлар кеңесінің шешімдері, егер заңнамада және Клиринг орталығының Жарғысында өзгеше көзделмесе, отырысқа қатысқан Директорлар кеңесі мүшелерінің жай көпшілік дауысымен қабылданады;
 - 2) Директорлар кеңесі акционерлер мен басқа да мүдделі тараптар алдында өз қызметі үшін жауапты болады. Директорлар кеңесінің мүшелері акционерлердің мүдделерін сақтай отырып, Клиринг орталығының қызметіне стратегиялық басшылықты және бақылауды қамтамасыз етуге тиіс;
 - 3) Директорлар кеңесінің құрамында Клиринг орталығының қызметіне жеке мүдделілігі жоқ тәуелсіз директорлар болуға тиіс. Бұл шешім қабылдаудағы объективтілікке ықпал етеді және мүдделер қақтығысын барынша азайтады;
 - 4) Директорлар кеңесі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының қағидаларын ескере отырып, Клиринг орталығының акционерлер мен басқа да мүдделі тараптар алдында қабылдаған шешімдері мен іс-әрекеттері туралы ақпаратты аша отырып, ашық әрекет етуге міндетті;
 - 5) Директорлар кеңесінің мүшелері өз міндеттерін орындау үшін қажетті білімге, тәжірибеге және біліктілікке ие болуға тиіс, бұл Клиринг орталығын тиімді басқаруға және негізделген шешімдер қабылдауға ықпал етеді;
 - 6) Директорлар кеңесі Қазақстан Республикасының заңнамасы шеңберінде әрекет етуге, сондай-ақ Клиринг орталығының ішкі регламенттері мен саясатын сақтауға міндетті, бұл корпоративтік басқару нормаларын сақтауды және адалдық пен әділдік қағидаттарын сақтауды қамтиды;
 - 7) Директорлар кеңесі акционерлердің, жұмыскерлердің, клиенттердің, серіктестердің және басқа да мүдделі тараптардың мүдделерін ескере отырып, Клиринг орталығының ұзақ мерзімді табысы мен орнықты дамуына бағытталған шешімдер қабылдауға тиіс;
 - 8) Директорлар кеңесінің мүшелері өздері жұмыс істейтін ақпараттың құпиялылығын сақтауға және оны жеке мүдделері үшін пайдаланбауға міндетті;
 - 9) Директорлар кеңесі өз қызметінің және Клиринг орталығы Басқармасының қызметінің тиімділігін уақытылы ден қою және қажет болған кезде Клиринг орталығы қызметінің басым бағыттарын және оның даму стратегиясын қайта қарау үшін ұдайы бағалауға тиіс.
2. Өз қызметін жүзеге асыру кезінде Клиринг орталығының Директорлар кеңесі:
 - 1) Клиринг орталығы акционерлерінің құқықтары мен мүдделерін қорғауды қамтамасыз етуге;

- 2) Клиринг орталығының ағымдағы қызметінің Клиринг орталығының Директорлар кеңесі анықтаған оның қызметінің басым бағыттарымен қаншалықты арақатынаста болатынын қадағалауға;
 - 3) Клиринг орталығының әртүрлі тәуекелдерге ұшырауын бағалауға және осындай тәуекелдерді болдырмау немесе азайту мақсатында не осы тәуекелдерді бақылау мақсатында шешімдер қабылдауға;
 - 4) Клиринг орталығының ішкі құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар немесе Клиринг орталығының жаңа ішкі құжаттарын әзірлеуге бастамашылық жасауға;
 - 5) Клиринг орталығының басқармасы әзірлеген оның ішкі құжаттарына немесе Клиринг орталығының жаңа ішкі құжаттарына өзгерістер мен толықтыруларды бағалауға және оң баға берген жағдайда бекітуге;
 - 6) Клиринг орталығының Басқармасы әзірлеген Клиринг орталығының кірістер мен шығыстар және күрделі шығындар бюджеттерін, сондай-ақ Клиринг орталығының кірістер мен шығыстар бюджеттерінің атқарылуы және күрделі шығындар туралы есептерді бағалауға және оң баға берген жағдайда бекітуге;
 - 7) Клиринг орталығы Басқармасының қызметінің тиімділігін бағалауға және Клиринг орталығы Басқармасының мүшелеріне сыйлықақы беру шарттары мен мөлшерін анықтауға міндетті.
3. Клиринг орталығының Директорлар кеңесі өз қызметінде мынадай мақсаттарға қол жеткізуге ұмтылуға тиіс:
- 1) Клиринг орталығы үшін оның қызметінде тұрақтылық пен болжамдылық, біркелкілік атмосферасын құру;
 - 2) Клиринг орталығының Басқармасымен сындарлы өзара іс-қимылды қамтамасыз ету;
 - 3) Клиринг орталығы акционерлерінің мүдделері, Клиринг орталығының коммерциялық мүдделері мен оның жұмыскерлерінің жеке мүдделері арасында ақылға қонымды ымыраға келуді қамтамасыз ету.
4. Клиринг орталығының Директорлар кеңесі өз қызметін Қазақстан Республикасы қаржы нарығының мінсіз іскерлік беделге ие неғұрлым кәсіби, адал, әділ және ақ ниетті өкілдерінің шоғырлану орны ретінде сырттан қабылданатындай етіп жүзеге асыруға тиіс.
5. Өз қызметін жүзеге асыра отырып, Клиринг орталығының Директорлар кеңесі өзін Клиринг орталығы акционерлерінің жалпы жиналысына да, Клиринг орталығының Басқармасына және Клиринг орталығының Басқарма Төрағасына да қарсы қоймауы тиіс, сол сияқты мұндай қарсы қоюдың белгісі ретінде түсіндірілуі мүмкін қандай да бір іс-қимылдар жасамауы тиіс.
6. Клиринг орталығының Директорлар кеңесі өз қызметінде Клиринг орталығы жұмыскерлерінің арасында:
- 1) Клиринг орталығын қолайсыз сыртқы факторлардан қорғау шегі (Клиринг орталығы акционерлерінің мүдделері, Клиринг орталығының коммерциялық мүдделері мен оның жұмыскерлерінің жеке мүдделері арасындағы ықтимал алшақтықтарды ескере отырып);
 - 2) Клиринг орталығы Басқармасының мүшелері арасындағы не Клиринг орталығының барлық немесе жекелеген жұмыскері мен оның Басқармасы мүшелерінің арасындағы жанжалды тиімді реттеуге қабілетті орган (егер Клиринг орталығының Басқармасы мұндай жанжалды реттей алмаса немесе оны реттеуден қалыс қалса) ретінде өз беделін құруға және қолдауға тиіс.
7. Клиринг орталығының Директорлар кеңесі мен оның жекелеген мүшелерінің қызметін бағалауды Клиринг орталығы акционерлерінің жалпы жиналысы

жүзеге асырады, ол осы мақсаттарда "Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына және Клиринг орталығының Жарғысына сәйкес:

- 1) егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше көзделмесе, қандай да бір тұлғаны Клиринг орталығының Директорлар кеңесінің мүшесі етіп шексіз рет сайлау құқығы;
 - 2) Клиринг орталығының Директорлар кеңесінің барлық немесе жекелеген мүшесінің өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату құқығы;
 - 3) Клиринг орталығының Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақылар төлеу мөлшері мен шарттарын анықтау секілді ықпал ету тұтқаларын пайдалануға құқылы.
8. "Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Клиринг орталығының Директорлар кеңесі мүшелері сыйақысының мөлшері мен құрамы туралы ақпарат Клиринг орталығы акционерлерінің жылдық жалпы жиналысында жариялануға тиіс.

11-бап.

Клиринг орталығының Директорлар кеңесін қалыптастыру

1. Клиринг орталығының Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайлануға ұсынылатын тұлға:
 - 1) қаржы ұйымдарының басшы жұмыскерлеріне қатысты Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкес келуге тиіс;
 - 2) Клиринг орталығының Жарғысында белгіленген талаптарға сәйкес келуге тиіс.
2. Клиринг орталығының кез келген акционері Қазақстан Республикасының заңнамасында және Клиринг орталығының Жарғысында белгіленген нормалар сақталған жағдайда Клиринг орталығының Директорлар кеңесінің мүшелігіне кандидат ұсынуға құқылы.
3. Клиринг орталығының акционері Клиринг орталығының Директорлар кеңесіне мүшелікке, оның ішінде Клиринг орталығының тәуелсіз директорларын сайлау үшін бірнеше кандидаттар ұсынуға құқылы.
4. Клиринг орталығының акционерлері Клиринг орталығының Директорлар кеңесінің мүшелігіне кандидаттарды бірлесіп ұсыну мақсатында бірігуге құқылы.
5. Клиринг орталығының Директорлар кеңесінің мүшелігіне кандидатты ұсынған кезде Клиринг орталығының акционері Клиринг орталығының акционері (Клиринг орталығының қандай да бір акционерінің (қандай да бір акционерлерінің) мүдделерінің өкілі) немесе Клиринг орталығының тәуелсіз директоры ретінде осы кандидаттың қандай сапада ұсынылатынын көрсетуге тиіс.
6. Клиринг орталығының жұмыс істеп тұрған құрамдағы Директорлар кеңесі Клиринг орталығы акционерлерінің жалпы жиналысына, оның пікірінше, Клиринг орталығының Директорлар кеңесі мүшелігіне Клиринг орталығының акционерлері ұсынған кандидаттардың ішінен Клиринг орталығы Директорлар кеңесінің оңтайлы жаңа сандық құрамын ұсынуға құқылы.
7. Клиринг орталығы Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда Клиринг орталығы Директорлар кеңесінің жаңа мүшесін сайлау үшін Клиринг орталығы акционерлерінің жалпы жиналысына кандидатты (кандидаттарды) ұсынуға құқылы.
8. Клиринг орталығының Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау кезінде Клиринг орталығының акционерлері Клиринг орталығының Директорлар

кеңесінің ұсынымдарын ескеруге, оларды қабыл алмауға немесе бас тартуға құқылы.

9. Қазақстан Республикасының заңнамасында және Клиринг орталығының Жарғысында белгілі бір тұлғалар үшін Клиринг орталығының Директорлар кеңесіне мүшеліктің міндеттілігі белгіленуі мүмкін.
10. Клиринг орталығының Директорлар кеңесінің құрамында Клиринг орталығының тәуелсіз директорларының болуын қамтамасыз ету үшін (Клиринг орталығының тәуелсіз директорларының болуы туралы Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтау мақсатында да, Клиринг орталығының тәуелсіз директоры Клиринг орталығының Директорлар кеңесінде Клиринг орталығының барлық акционерінің, әсіресе Клиринг орталығының Директорлар кеңесіне мүдделерінің өкілдері сайланбаған акционерлердің құқықтары мен мүдделерін қорғауды қамтамасыз етуге тиіс деген болжамды ескере отырып та) Клиринг орталығы акционерлерінің Клиринг орталығының тәуелсіз директорларын сайлау жөніндегі жалпы жиналысында дауыс беру Клиринг орталығының Директорлар кеңесінің қалған мүшелерін сайлау жөніндегі дауыс беруден бөлек өткізіледі.
11. Клиринг орталығының Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау кезінде Клиринг орталығы акционерлерінің жалпы жиналысы, әдетте, Клиринг орталығы акционерлерінің әртүрлі топтарының барынша көп санының мүдделерін Клиринг орталығының Директорлар кеңесінде білдіруді қамтамасыз етуге ұмтылуы, ал дәлелдер тең болған кезде Клиринг орталығының Директорлар кеңесіндегі акционерлердің бірнеше тобының Клиринг орталығы Клиринг орталығының тәуелсіз директорларын сайлауға басымдық беруі тиіс.
12. Клиринг орталығы Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау процедурасының ашықтығы мен анықтығын қамтамасыз ету мақсатында Клиринг орталығы акционерлерінің жалпы жиналысының хатшысы (егер тек Клиринг орталығы акционерлерінің жалпы жиналысы есеп комиссиясын сайламаса) осындай сайлау алдында осы процедура бойынша түсіндірмелермен сөз сөйлейді.
13. Директорлар кеңесінің тәуелсіздігі корпоративтік басқарудың негізгі қағидаттарының бірі болып табылады. Клиринг орталығы тәуелсіз директорлардың жеткілікті санын қамтамасыз етуге ұмтылуға тиіс, бұл мүдделі тараптардың ықпалынан бос шешімдер қабылдауға және Клиринг орталығының және оның қызметіне барлық қатысушының мүдделері үшін әрекет етуге мүмкіндік береді.
14. Қазақстан Республикасының заңнамасында, Клиринг орталығының Жарғысында және осы Кодексте реттелмеген Клиринг орталығының Директорлар кеңесін қалыптастыру мәселелері Клиринг орталығы акционерлерінің жалпы жиналысының шешімдеріне сәйкес шешілуге тиіс.

12-бап. Клиринг орталығының Директорлар кеңесінің қызметін ұйымдастыру

1. Клиринг орталығының Директорлар кеңесі қызметінің тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасымен, Клиринг орталығының Жарғысымен, оның ішкі құжаттарымен және Клиринг орталығы акционерлерінің жалпы жиналысының және Клиринг орталығы Директорлар кеңесінің шешімдерімен белгіленеді.
2. Клиринг орталығының Директорлар кеңесі өз отырыстарында да, сырттай дауыс беру арқылы да шешімдер қабылдауға құқылы.
3. Клиринг орталығының Директорлар кеңесінің шешімдерін қабылдаудың нақты тәсілін таңдауды мәселелерді бетпе-бет талқылау қажеттілігінің болуын немесе болмауын ескере отырып, ұтымдылық, жеделділік және тиімділік пайымдауларын негізге ала отырып, Клиринг орталығының Басқармасы жүзеге асырады. Клиринг орталығының Директорлар кеңесінің отырыстарын өткізу оның қызметінің неғұрлым тиімді нысаны ретінде танылады және Клиринг орталығының Жарғысында, оның ішкі құжаттарында немесе Клиринг орталығы акционерлерінің жалпы жиналысының және Клиринг орталығы Директорлар кеңесінің шешімдерінде сырттай дауыс беру арқылы шешімдер қабылдауға тікелей тыйым салынған мәселелерді қарау кезінде міндетті болып табылады.
4. Директорлар кеңесінің комитеттері Клиринг орталығының Директорлар кеңесінің шешімдерін қабылдау тәсілін ұсына алады.
5. Клиринг орталығының Директорлар кеңесі мүшесінің оның отырысына жеке қатысуы ол болмаған кезде Клиринг орталығының Директорлар кеңесінің отырысы өткізілетін жерде байланыстың техникалық құралдарын пайдалана отырып жүзеге асырылуы мүмкін.
6. Егер Клиринг орталығының Жарғысында, оның ішкі құжаттарында немесе Клиринг орталығы акционерлерінің жалпы жиналысының және Клиринг орталығының Директорлар кеңесінің шешімдерінде өзгеше көзделмесе, Клиринг орталығының Директорлар кеңесінің бір немесе бірнеше мүшесі Клиринг орталығының Директорлар кеңесінің отырысына жеке қатыса алмаса, Клиринг орталығының Директорлар кеңесі жұмысының екі нысанын да ұштастыруға жол беріледі.
7. Шешімдері аралас дауыс беру арқылы қабылданатын Клиринг орталығының Директорлар кеңесі отырысының қворумын анықтау кезінде алдын ала дауыс берген Клиринг орталығының Директорлар кеңесі мүшелерінің бюллетеньдері ескеріледі.
8. Неғұрлым маңызды мәселелерді қарау және Директорлар кеңесіне ұсынымдар дайындау үшін Директорлар кеңесінің комитеттері құрылады.

Директорлар кеңесінің комитеттері мынадай мәселелерді қарайды:

- 1) стратегиялық жоспарлау;
 - 2) кадрлар, сыйақылар;
 - 3) ішкі аудит, тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау;
 - 4) әлеуметтік мәселелер;
 - 5) Қазақстан Республикасының заңнамасына, Директорлар кеңесінің комитеттері туралы қағидаға және Клиринг орталығының басқа да ішкі құжаттарына сәйкес өзге де мәселелер.
9. Клиринг орталығының Директорлар кеңесі Клиринг орталығының Директорлар кеңесі мүшелерінің Клиринг орталығы және оның қызметі туралы қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпаратты жария етпеуі бойынша мерзім белгілеуге құқылы.

4 тарау. КЛИРИНГ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ БАСҚАРМАСЫ

13-бап. Клиринг орталығы Басқармасының функциялары мен қызмет қағидаттары

1. "Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына және Клиринг орталығының Жарғысына сәйкес оның Басқармасы:
 - 1) Қазақстан Республикасының заңнамасында және Клиринг орталығы Жарғысында Клиринг орталығы акционерлерінің жалпы жиналысының, Клиринг орталығы Директорлар кеңесінің және Клиринг орталығы Басқармасы төрағасының айрықша құзыретіне жатқызылмаған Клиринг орталығы қызметінің кез келген мәселелері бойынша шешімдер қабылдауға құқылы;
 - 2) Клиринг орталығының ішкі құжаттарымен оның Басқармасының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдер қабылдауға құқылы;
 - 3) Клиринг орталығы акционерлерінің жалпы жиналысының және Клиринг орталығы Директорлар кеңесінің шешімдерін орындайды.
2. Клиринг орталығының Басқармасы өз қызметінде мынадай мақсаттарға қол жеткізуге ұмтылуға тиіс:
 - 1) Клиринг орталығының операциялық қызметінің тұрақтылығын және кеңейтілуін қамтамасыз ету;
 - 2) Клиринг орталығының орнықтылығын және қаржылық жай-күйін жақсартуды қамтамасыз ету;
 - 3) Клиринг орталығының іскерлік және қоғамдық беделін қолдауды және арттыруды қамтамасыз ету;
 - 4) Қазақстан Республикасы заңнамасының сақталуын қамтамасыз ету.
3. Клиринг орталығының Басқармасы Клиринг орталығының қызметіне байланысты тәуекелдерді бақылауды жүзеге асырады және өтімділікті, операциялық тәуекелдерді және құқықтық тәуекелдерді қоса алғанда, осы тәуекелдерді басқару тетіктерін енгізеді.
4. Клиринг орталығының Басқармасы ішкі нормативтік құжаттар мен халықаралық стандарттарда белгіленген корпоративтік басқару қағидаттарын енгізу және сақтау үшін және Клиринг орталығының корпоративтік мәдениетін басқару үшін жауап береді.
5. Клиринг орталығының Басқармасы өз қызметін өз акционерлерінің құқықтарын бұзбайтындай және мүмкіндігінше олардың мүдделерін Клиринг орталығының коммерциялық мүдделерімен және оның жұмыскерлерінің жеке мүдделерімен барынша үйлестіретіндей етіп жүзеге асыруы тиіс.

14-бап. Клиринг орталығының Басқармасын қалыптастыру

1. Клиринг орталығы Басқармасының мүшесі болып сайлануға ұсынылатын тұлға:
 - 1) қаржы ұйымының басшы жұмыскерлеріне қатысты Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкес келуге тиіс;
 - 2) Қазақстан Республикасының қаржы нарығында мінсіз беделге ие болуға және Клиринг орталығының Директорлар кеңесі мүшелерінің көпшілігінің сеніміне ие болуға тиіс.
 - 3) осы-баптың 2 және 3-тармақтарында белгіленген шарттарға максималды дәрежеде сәйкес келуге тиіс.

2. Клиринг орталығы Басқармасының мүшесі лауазымына сайлау үшін, әдетте, басшылық жұмыс дағдылары бар қаржы нарығы саласындағы кәсіпқойлар тартылады.
3. Клиринг орталығы Басқармасының мүшелерін сайлау кезінде Клиринг орталығының Директорлар кеңесі осындай сайлаудың ашықтығы мен негізділігін қамтамасыз етуге ұмтылуға тиіс.
4. Қазақстан Республикасының заңнамасында, Клиринг орталығының Жарғысында және осы Кодексте реттелмеген Клиринг орталығының Басқармасын қалыптастыру мәселелері Клиринг орталығының Директорлар кеңесінің шешімдеріне сәйкес шешілуге тиіс.

5 тарау. БАСҚА ДА ҚАҒИДАЛАР

15-бап. Клиринг орталығының корпоративтік хатшысы

1. Клиринг орталығының органдары мен лауазымды тұлғаларының оның акционерлерінің құқықтары мен мүдделерін қамтамасыз етуге бағытталған процедураларды қатаң сақтауы, сондай-ақ Клиринг орталығының қолданылатын заңнаманы, Клиринг орталығының Жарғысын және оның ішкі құжаттарын сақтауы Клиринг орталығының Директорлар кеңесі тағайындайтын және оған есеп беретін Клиринг орталығының корпоративтік хатшысының болуымен қамтамасыз етіледі.
2. Клиринг орталығы корпоративтік хатшысының құзыреті және оның қызметін жүзеге асыру тәртібі қолданылатын заңнамамен, Клиринг орталығының Жарғысымен, оның ішкі құжаттарымен, Клиринг орталығы акционерлерінің жалпы жиналысының және Клиринг орталығының Директорлар кеңесінің шешімдерімен анықталады.

Клиринг орталығының корпоративтік хатшысы:

- 1) Клиринг орталығы акционерлерінің жалпы жиналысы мен Директорлар кеңесі қабылдаған корпоративтік шешімдердің уақытылы орындалуын бақылауды жүзеге асырады;
- 2) Клиринг орталығы Директорлар кеңесінің және Клиринг орталығы акционерлерінің жалпы жиналысының корпоративтік шешімдерінің, материалдары мен қызметінің нәтижелерінің архивін жүргізеді;
- 3) Клиринг орталығы акционерлерінің жалпы жиналысын шақыру және өткізуге дайындық мәселелері бойынша акционерлермен өзара іс-қимыл жасайды;
- 4) Клиринг орталығы органдарының Клиринг орталығының және оның лауазымды тұлғаларының іс-әрекеттеріне акционерлердің өтініштерін тиісінше қарауын қамтамасыз етеді;
- 5) корпоративтік қатынастардағы жанжалдарды реттеуге қатысуға тартылуы мүмкін;
- 6) Клиринг орталығы Басқармасының және басқа да жұмыскерлердің Клиринг орталығы акционерлерінің жалпы жиналысы мен Директорлар кеңесінің шешімдерін орындауына мониторинг жүргізеді, Клиринг орталығының Директорлар кеңесін мұндай орындау/орындамау туралы хабардар етеді;
- 7) осы Кодекстің қағидаларына және оларды қолдануға қатысты түсіндірмелер береді;
- 8) Клиринг орталығын корпоративтік басқаруды жетілдіруге қатысады.

3. Клиринг орталығының органдары арасында тиімді өзара іс-қимылды және ақпарат беруді қамтамасыз ету мақсатында корпоративтік хатшы жемісті өзара қарым-қатынас жасай білуге және жанжалды жағдайларды шешу бойынша дағдыларға ие болуға тиіс. Мүдделер қақтығысына байланысты жағдайлар туындаған жағдайда корпоративтік хатшы осы ақпаратты Клиринг орталығының Директорлар кеңесі төрағасының назарына жеткізеді.
4. Клиринг орталығының корпоративтік хатшысы өз міндеттерін орындау үшін білімге, тәжірибеге және біліктілікке, мінсіз іскерлік беделге ие.
5. Клиринг орталығының корпоративтік хатшысы өз қызметін Клиринг орталығының Директорлар кеңесі бекітетін Корпоративтік хатшы туралы қағиданың негізінде жүзеге асырады, онда функциялары, құқықтары мен міндеттері, Клиринг орталығының органдарымен өзара іс-қимыл тәртібі, біліктілік талаптары және басқа да ақпарат көрсетіледі.
6. Клиринг орталығының Басқармасы корпоративтік хатшыға оның өз міндеттерін орындауы кезінде жан-жақты жәрдем көрсетеді.

16-бап.

Клиринг орталығының қызметіндегі елеулі корпоративтік оқиғалар

1. Клиринг орталығының қызметіндегі елеулі корпоративтік оқиғаларға Клиринг орталығының қаржылық жағдайының, басқару құрылымының және Клиринг орталығы өз қызметін жүзеге асыратын нарықтың өзгеруіне әкеп соғатын, оның қызметінде іргелі өзгерістерге әкеп соғуы мүмкін оқиғалар жатады, мысалы:
 - 1) Клиринг орталығының басқа заңды тұлғаның акцияларын (жарғылық капиталға қатысу үлестерін) олардың жалпы санының 10 және одан да көп пайызын құрайтын мөлшерде сатып алуы;
 - 2) Клиринг орталығының міндеттемелерін оның меншікті капиталы мөлшерінің 10 және одан да көп пайызын құрайтын шамаға ұлғайту;
 - 3) ірі мәміле жасасу, бұзу;
 - 4) Клиринг орталығын қайта ұйымдастыру және/немесе тарату.
2. Клиринг орталығының қызметіндегі елеулі корпоративтік оқиғалар оның акционерлерінің мүдделерін сындарлы дәрежеде қозғайтындықтан, осындай оқиғаларға әкеп соғатын шешімдерді Клиринг орталығы акционерлерінің жалпы жиналысы және Клиринг орталығының Директорлар кеңесі өздерінің құзыреті шегінде (осы тармақтың екінші абзацында белгіленген шешімдерді қоспағанда) қабылдауға тиіс.

Клиринг орталығының қызметінде күтпеген елеулі корпоративтік оқиғаны білдіретін және Клиринг орталығы акционерлерінің жалпы жиналысының немесе Клиринг орталығы Директорлар кеңесінің қажетті шешімін дайындау және іске асыру үшін уақыт қалдырмайтын кенеттен конъюнктуралық өзгерістер болған жағдайда, Клиринг орталығының Басқармасы Клиринг орталығы акционерлерінің жалпы жиналысының және Клиринг орталығы Директорлар кеңесінің айрықша құзыретін бұздан аулақ бола отырып, бір мезгілде Клиринг орталығының Директорлар кеңесінің төтенше отырысын шақыруға бастама жасай отырып, осындай өзгерістерге дереу барабар ден қою шеңберінде іс-қимыл жасауға құқылы.
3. Клиринг орталығы қызметіндегі елеулі корпоративтік оқиғаға жататын Клиринг орталығы акционерлерінің жалпы жиналысының немесе Клиринг орталығы Директорлар кеңесінің шешімін дайындау және іске асыру кезінде Клиринг орталығының Басқармасы мен Директорлар кеңесі осы шешімнің жобасын ашық және жан-жақты талқылауды қамтамасыз етуге және оны іске асырудың ашық және түсінікті тетігі мен процедурасын белгілеуге тиіс (Клиринг орталығында бар ақпаратты ескере отырып, мұндай ашықтық, жан-

жақтылық, айқындық және түсініктілік қаншалықты мүмкін және осы шешімге қатысты Клиринг орталығының коммерциялық мүдделерімен үйлеседі).

4. Кодекстің осы бабының 3-тармағында белгіленген талаптар шеңберінде Клиринг орталығының Басқармасы мен Директорлар кеңесі:
 - 1) Клиринг орталығының қызметіндегі елеулі корпоративтік оқиғаларды алдын ала бағалауға және мақұлдауға;
 - 2) Клиринг орталығының қызметіндегі елеулі корпоративтік оқиғаларды іске асыру тетіктері мен процедураларын анықтауға;
 - 3) Клиринг орталығының қызметіндегі елеулі корпоративтік оқиғаларды терең талдауға және талқылауға ерекше назар аударуы тиіс.
5. Клиринг орталығының Басқармасы және Клиринг орталығының Директорлар кеңесі Клиринг орталығының қызметіндегі осындай елеулі корпоративтік оқиғаның қайтымсыз немесе қиын қайтарымдылығына байланысты оны қайта ұйымдастыру немесе тарату туралы мәселе бойынша Клиринг орталығы акционерлерінің жалпы жиналысының шешімін ерекше мұқият дайындауға тиіс.
6. Клиринг орталығының қызметіндегі елеулі корпоративтік оқиғалар ашылуға және есепке алынуға жатады, бұл нарық қатысушыларының сенімін қамтамасыз етеді және ашықтық пен әділдік қағидаттарының сақталуына ықпал етеді.

17-бап.

Клиринг орталығы және оның қызметі туралы ақпаратты ашу

1. Клиринг орталығы және оның қызметі туралы ақпаратқа қатысты Клиринг орталығы мұндай ақпаратты жария (ашық) және жария емес (жабық) деп бөлуді ұстанады.
2. Клиринг орталығы және оның қызметі туралы жария ақпарат:
 - 1) Клиринг орталығы туралы заңды тұлға ретінде жалпы ақпарат, мысалы, оның орналасқан жері және байланыс деректемелері, Клиринг орталығының Директорлар кеңесінің және Клиринг орталығы Басқармасының құрамы, Клиринг орталығының Жарғысы және оған өзгерістер мен толықтырулар;
 - 2) "Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес:

бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануға тиіс;

Клиринг орталығы акционерлерінің мүдделерін қозғайтын;

Клиринг орталығының акционерлеріне беруге жататын деп танылатын Клиринг орталығы және оның қызметі туралы өзге де ақпарат;
 - 3) Клиринг орталығы Қазақстан Республикасының заңнамасына және Клиринг орталығының ішкі құжаттарына сәйкес клирингілік қатысушылардан алатын және Қазақстан Республикасының заңнамасына, Клиринг орталығының ішкі құжаттарына және Клиринг орталығы жасасқан шарттарға сәйкес таратылуға жататын ақпарат болып табылады.
3. Клиринг орталығы және оның қызметі туралы жария ақпаратты ашу Қазақстан Республикасының заңнамасына, Клиринг орталығының Жарғысына және Клиринг орталығының ішкі құжаттарына сәйкес:
 - 1) бұл ақпаратқа қол жеткізу еркін және ауыртпалық түсірмейтіндей;
 - 2) мұндай ашу Клиринг орталығының қосымша капитал тартуына, Клиринг орталығының жоғары іскерлік және қоғамдық беделін қалыптастыруға

ықпал ететін акционерлік қоғам ретінде Клиринг орталығының қолайлы имиджін құруды қамтамасыз ететіндей болып жүзеге асырылады.

4. Клиринг орталығы және оның қызметі туралы осы-баптың 2-тармағына сәйкес жария болып табылмайтын кез келген өзге ақпаратты Клиринг орталығы жария емес деп жіктейді.
5. Бұдан басқа, Клиринг орталығы және оның қызметі туралы ақпарат осы баптың 2-тармағында келтірілген белгілерге сәйкес келсе де, бірақ заңмен белгіленген қолжетімділігі шектеулі ақпараттан тұратын ақпарат жария етілмеген болып табылады.
6. Клиринг орталығы өзі және өз қызметі туралы жария емес ақпараттың сақталуын және қорғалуын осы мақсаттарда, мысалы:
 - 1) Клиринг орталығы және оның қызметі туралы коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпаратты анықтау;
 - 2) коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпаратқа рұқсаты бар Клиринг орталығы жұмыскерлерінің тізбесін анықтау;
 - 3) Клиринг орталығының жұмыскерлеріне Клиринг орталығы және оның қызметі туралы олардың Клиринг орталығында еңбек қызметін жүзеге асыру уақытында және олар осы қызметті тоқтатқаннан кейін белгілі бір мерзім ішінде жария етпеу жөнінде міндеттеме жүктеу;
 - 4) егер сұратылатын ақпарат коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын болса, Клиринг орталығы және оның қызметі туралы ақпаратты ашуға сұрау салуды қана ғаттандырудан бас тарту секілді шараларды қолдана отырып қамтамасыз етеді.
7. Клиринг орталығының Директорлар кеңесі оның ақпараттық саясатына Клиринг орталығының негізгі тәсілдерін, оның ішінде Клиринг орталығының ақпаратын ашудың жалпы қағидаттарын, Клиринг орталығының ақпаратын ашудың және оның басқа тұлғалармен ақпараттық өзара іс-қимылының тәртібі туралы негізгі қағидаларды анықтайтын оның ішкі құжатын бекітеді.

18-бап.

Клиринг орталығының қызметін бақылау

1. Клиринг орталығының Директорлар кеңесі әрбір ретте өз қалауы бойынша талап етуге құқылы, ал Клиринг орталығының Басқармасы немесе Басқарма Төрағасы Клиринг орталығының кез келген қызметі туралы есеп беруге міндетті.
2. Клиринг орталығының қызметін бақылау мақсатында Клиринг орталығының Директорлар кеңесі:
 - 1) өз мүшесіне қандай да бір мәселе бойынша Клиринг орталығының қызметін тексеруді жүзеге асыруды тапсыруға;
 - 2) қандай да бір мәселе бойынша Клиринг орталығының қызметін тексеру үшін өз мүшелерінің және басқа да тұлғалардың қатарынан уақытша комиссияны/жұмыс тобын құруға құқылы.
3. Клиринг орталығының жұмыскерлері, оның ішінде Клиринг орталығының Басқарма мүшелері осы баптың 2-тармағына сәйкес Клиринг орталығының қызметін тексеруді жүзеге асыратын тұлғаларға олардың осындай тексеруді жүзеге асыруына жан-жақты жәрдем көрсетуге және оларды қажетті ақпаратпен, түсініктемелермен және түсіндірмелермен қамтамасыз етуге міндетті.
4. Осы баптың 1 және 2-тармақтарына сәйкес жүзеге асырылатын Клиринг орталығының қызметін кез келген тексеру:

- 1) қолданылатын заңнаманы, Клиринг орталығының ішкі құжаттарын, Клиринг орталығы акционерлерінің жалпы жиналысының және Клиринг орталығы Директорлар кеңесінің шешімдерін, Клиринг орталығының шарттық және біржақты міндеттемелерін бұзумен ұштаспайтындай;
- 2) Клиринг орталығының операциялық қызметіне кедергі келтірмейтіндей және өзімен бірге және (немесе) оның қаржылық жай-күйіне залал келтірмейтіндей;
- 3) Клиринг орталығының іскерлік және қоғамдық беделіне нұқсан келтіруге жол бермейтіндей;
- 4) Клиринг орталығының Басқармасы мен Басқарма Төрағасының оны басқару жөніндегі құзыретін бұзбайтындай;
- 5) бұл тексерудің негізсіз созылуына жол бермейтіндей болып жүзеге асырылуы тиіс.

19-бап.

Корпоративтік қатынастардағы жанжалдарды реттеу

1. Клиринг орталығын корпоративтік басқарудағы дауларды реттеу корпоративтік қатынастарға қатысушылар арасындағы келіспеушіліктерді болдырмауға немесе шешуге көмектесетін тиімді және ашық тетіктер құруға бағытталуы тиіс.
2. Корпоративтік қатынастарда жанжал (бұдан әрі – корпоративтік жанжал) туындаған кезде Клиринг орталығы оны мұндай реттеу:
 - 1) қолданылатын заңнамаға, Клиринг орталығының Жарғысына, оның ішкі құжаттарына, Клиринг орталығы акционерлерінің жалпы жиналысының және Клиринг орталығы Директорлар кеңесінің шешімдеріне, іскерлік айналым дәстүрлеріне, іскерлік этикаға, логикаға және дұрыс мағынаға негізделген;
 - 2) қолданылатын заңнаманы, Клиринг орталығының Жарғысын, оның ішкі құжаттарын, акционерлердің жалпы жиналысы мен Клиринг орталығының Директорлар кеңесінің шешімдерін, іскерлік айналым дәстүрлерін, іскерлік этиканы, логика мен парасатты ойды бұзумен ұштаспаған;
 - 3) Клиринг орталығының операциялық қызметіне кедергі келтірмеген және оның қаржылық жай-күйіне нұқсан келтірмеген;
 - 4) Клиринг орталығының іскерлік және қоғамдық беделіне нұқсан келтірмеген;
 - 5) корпоративтік жанжалдың барлық қатысушысының мүдделерін барынша ескерген болатындай етіп реттеуге тырысуы тиіс.
3. Корпоративтік қатынастарға қатысушылар корпоративтік жанжалдың, әдетте, осы баптың 3-6-тармақтарына сәйкес келіссөздер жолымен реттелуіне және мұндай реттеу мүмкін болмаған жағдайда ғана соттың қарауына ұмтылуға тиіс.
4. Корпоративтік жанжалға қатысушылар келіссөздер жолымен оны реттеуге келіскен кезде осы қақтығыс оның қатысушыларының деңгейіне, оның сипатына және ықтимал мүдделер қақтығыстарының болуына қарай Клиринг орталығы Басқармасының Төрағасы, Клиринг орталығының Басқармасы, Клиринг орталығының Директорлар кеңесі немесе Клиринг орталығы акционерлерінің жалпы жиналысы реттеуге тиіс (осы баптың 6-тармағында белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып), ал мұндай реттеу нәтижесіз болған немесе осындай реттеу барысында мүдделер қақтығысы анықталған кезде реттеу үшін Клиринг орталығының жоғары тұрған органына беріледі.

5. Клиринг орталығының Директорлар кеңесінің қарауындағы корпоративтік жанжалды реттеу мақсатында ол өз мүшелері мен басқа да тұлғалар арасынан әдетте Клиринг орталығының тәуелсіз директоры басқаратын тұрақты немесе уақытша комиссия құруға құқылы.
6. Клиринг орталығы Басқармасының Төрағасы, Клиринг орталығының Басқармасы, Клиринг орталығының Директорлар кеңесі немесе Клиринг орталығы акционерлерінің жалпы жиналысы өзінің қарауындағы корпоративтік жанжалды қарай отырып, барынша объективті болуға, осы баптың 1-тармағында жазылған қағидаттарды ұстануға және осы жанжалды реттеу жаңа корпоративтік жанжал туғызбауына ұмтылуға міндетті.
7. Клиринг орталығының Басқарма Төрағасы, Клиринг орталығының Басқармасы немесе Клиринг орталығының Директорлар кеңесі, әдетте, егер ол осы қақтығыстың мәнін толық түсінбесе және оны реттеу қабілетін сезінбесе, Клиринг орталығының акционерлері арасындағы корпоративтік жанжалды реттеуден тартынуға тиіс.

6 тарау. ТҰЖЫРЫМДЫ ҚАҒИДАЛАР

20-бап

Тұжырымды қағидалар

1. Осы Кодекс Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес корпоративтік басқарудың озық тәжірибесін және Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының ұсынымдарын ескере отырып әзірленді.
2. Осы Кодекс қажеттілігіне қарай өзектендірілуге тиіс.
3. Осы Кодекс қолданысқа енгізілген күннен бастап, ал ол өзектендірілген жағдайда – соңғы өзгерістер/толықтырулар қолданысқа енгізілген күннен бастап есептелетін отыз алты айда кемінде бір рет өзектендірудің қажеттілігіне қайта қаралуға тиіс.

Басқарма Төрағасы

Н. Хорошевская